

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

жергілікті, аймақтық және халықаралық экономикалық, саяси байланыстарды жақсартады.

5. Туризм қоршаған ортаның едәуір жақсаруына әсерін тигізеді, себебі туризм қоршаған ортамен тығыз байланыста.

6. Фирмалардың көп бөлігі шығу туризміне жұмыс істесе, кейінгі кезде келу туризміне жұмыс істеуші фирмалар санының көбею тенденциясы байқалуда (90%және 10%).

Бүгінде дүниежүзі бойынша, туризм саласынан ел бюджетіне түсетін қаржы мұнайдан түсетін табыстан кейінгі екінші орында тұрғанын ескерсек, бұл саланы дамыту бүгінгі күннің талабы екені даусыз. Дегенмен, халықаралық туризм саласындағы жоғары мөлшердегі алым-салықтардың отандық туризмнің бағын байлап тұрғанын жоққа шығаруға болмайды. Елімізде туризмді насихаттау жұмыстары жүргізілмей отыр деу күмәнді. Жұмыстар жүргізілді. Оған еліміздің туристік ұйымдарының көптеген көрмелерге қатысып, өз жұмыстарын лайықты көрсете білгендігі, тіпті насихаттау жұмыстарының Азия, Океания елдері мен Австралияда бас жүлдені жеңіп алғаны дәлел бола алады.

Отандық туризмді дамыту әрбір қазақ азаматының қолында. Біз бәріміз уақтылы демалып, жан тазалығын қаласақ, отандық туризмде алға басады. Қалада тұншықпай, қазақтың көркем табиғатына қайта жақындайтын болсақ, ұлттық тазалығымызды қайта қалпына келтіреміз анық. Қоршаған орта мінезді қалыптастырады дейді. Ендеше белсенді ортада белсенді өмір сүрейік. Көктем де келе жатыр. Көктеммен бірге көркем табиғатымыздың да қызығын көрейік.

#### **Колданылған әдебиет:**

1. <http://www.dalanews.kz/13878>
2. С.Р.Есімжанова «Туристік нарық»,
3. Тойкин, Жайнақова, «Туризм дамуы»,
4. <http://bnews.kz/>
5. Илиясов Д.Қ. «Туризм статистикасы»,
6. Котлер Ф. «Туризм негіздері».

**УДК/ ББК 338.48 (574.23)**

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ**

**Касенова А., Айтбай Ү**

*tmst.aitbai@mail.ru, kassenova.0708@mail.ru.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі - Абдраманова Г.Қ

2050 жылы ҚР Стратегиялық жоспарына сәйкес Қазақстан 30 бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына енуі керек. Ең басты назарды Елордамыз Астанаға аударып отыр. Яғни стратегиялық жоспарға сәйкес Астана экономикалық бәсекеге қабілетті, туристтердің қызығушылығын аударатын жайлы ортаға айналады.

Ең алғашқы халықаралық бренд желісімен ашылған қонақ үйлер 2005- 2008 жылдар аралығында Батыс Қазақстанда ашыла бастады. Ақтауда, Атырауда Renaissance және Атырауда Marriott Executive Apartments. Тек 2011жылы ғана ешқандай халықаралық бренд желісі ашылмады. Оның орнына Алматы қаласында осыған дейін Hyatt америкалық қонақ үй желісінің құрамында болған Rakhat Palace қонақ үйі ашылды. 2012 жылы Бурабайда Rixos және Шымкентте Canvas қонақ үйлері ашылды.

Қазақстандық инвесторлар халықаралық қонақ үй желілерін Қазақстан нарығына енгізу жалғасуда. 2005 жылдан бастап халықаралық қонақ үй брендтері айтарлықтай көбейді.

2013 жылы халықаралық брендтер арасында ашылған қонақ үйлерден ең рекордтық жалпы нөмірлік қор 589 құрады. 2013 жылы 3 халықаралық брендтік қонақ үй желісі қолдануға берілді: Астанада 248 нөмірлі Park Inn желісі Rezidor Hotel Group, Алматыда 196 нөмірлі Best Western Atakent Park Hotel және Алматыда 145 нөмірлі Marriott International компаниясындағы халықаралық бренд The Ritz-Carlton.

Қонақ үй саласындағы ең басты оқиғалар 2014 жылға сәйкес келеді. Олар: Астанада қаласында орналасқан 283 номерге арналған Marriott, 229 нөмірлі Hilton Garden Inn, Ақтөбеде ашылған 177 нөмірлі Sheraton, 135 нөмірлі Өскеменде Dedeman және Шымкент қаласында ашылған 186 нөмірлі Rixos қонақ үйі [1].

*Кесте 1. Қазақстандағы қонақ үйлер санаттары бойынша бөлу, бірлік*

|                            | 2010  | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
|----------------------------|-------|------|------|------|------|------|
| Барлығы                    | 1 494 | 1642 | 1526 | 1678 | 2056 | 2330 |
| 5-жұлдызды                 | 13    | 14   | 16   | 17   | 20   | 20   |
| 4-жұлдызды                 | 43    | 53   | 51   | 53   | 61   | 73   |
| 3-жұлдызды                 | 82    | 91   | 98   | 103  | 122  | 132  |
| 2-жұлдызды                 | 29    | 28   | 27   | 22   | 20   | 21   |
| 1-жұлдызды                 | 25    | 27   | 24   | 17   | 19   | 17   |
| Санаты жоқ                 | 806   | 873  | 875  | 955  | 1184 | 1246 |
| Өзге де тұрғылықты орындар | 496   | 556  | 435  | 511  | 630  | 821  |

*Деректер [2] мәліметтер бойынша ұсынылады*


Жалпы үстінгі жылдағы көрсеткіштер бойынша 2015 және 2014 жылдарда қонақ үй көрсеткіші 274 қонақ үйге артқан. Бірақ, мұндағы 5-жұлдызды қонақ үй еш өзгеріссіз қалған. Себебі, ЕХРО көрмесіне байланысты түгелдей серпін 2017 жылға жоспарланып, күш жұмсалуда. Дегенмен, байқағанымыз санаты жоқ қонақ үйлер саны күрт өсуде. Оған нақты себеп қазіргі экономикалық жағдайға байланысты көпшілік туристер қауымы арзан тұрақтану орнын таңдауда.

*Кесте 2 - Санаттар бойынша орналыстыру орындарының саны*

|                               | Барлығы | 5* | 4* | 3*  | 2* | 1* | Санаты жоқ қонақ үй | Өзге де тұрғылықты орындар |
|-------------------------------|---------|----|----|-----|----|----|---------------------|----------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 2330    | 20 | 73 | 132 | 21 | 17 | 1246                | 821                        |
| Ақмола                        | 334     | 1  | 3  | 12  | 1  | -  | 123                 | 194                        |
| Ақтөбе                        | 70      | -  | 1  | 3   | 1  | 1  | 43                  | 21                         |
| Алматы                        | 304     | -  | 3  | 1   | -  | -  | 151                 | 149                        |
| Атырау                        | 67      | 2  | 4  | 16  | -  | 1  | 38                  | 6                          |
| Батыс Қазақстан               | 57      | -  | 3  | 3   | 5  | 1  | 22                  | 23                         |
| Жамбыл                        | 122     | -  | 2  | 3   | -  | 2  | 110                 | 5                          |
| Қарағанды                     | 207     | -  | 7  | 10  | 5  | 5  | 98                  | 82                         |
| Қостанай                      | 102     | -  | 2  | 2   | -  | 1  | 78                  | 19                         |
| Қызылорда                     | 73      | -  | -  | 3   | -  | 3  | 57                  | 10                         |
| Маңғыстау                     | 59      | 4  | -  | 10  | 1  | -  | 37                  | 7                          |
| Оңтүстік Қазақстан            | 131     | 1  | 6  | 3   | -  | -  | 86                  | 35                         |
| Павлодар                      | 76      | -  | -  | 8   | 2  | 1  | 39                  | 26                         |
| Солтүстік Қазақстан           | 63      | -  | -  | 1   | 1  | -  | 40                  | 21                         |
| Шығыс Қазақстан               | 366     | 1  | 4  | 5   | 2  | 2  | 144                 | 208                        |
| Астана қаласы                 | 167     | 5  | 16 | 27  | 3  | -  | 111                 | 5                          |
| Алматы қаласы                 | 132     | 6  | 22 | 25  | -  | -  | 69                  | 10                         |

*Деректер [2] мәліметтер бойынша ұсынылады*

Қазіргі таңда жалпы қонақ үй номерлерінің саны бойынша халықаралық қонақ үйлердің 75% Астана және Алматы қалаларында орналасса, қалған 25% басқа аймақтарда орналасқан. Осыған сәйкес осы жылы ашылатын қонақ үйлердің 40% жуығы Қазақстанның басқа қалаларында ашылады деп жоспарлануда [2].



*Сурет 1 - 2016 жылға дейінгі қонақ үйлердің жоспарланған картасы [2]*

ЕХРО-2017 көрмесіне орай Астана қаласында халықаралық қонақ үй желіліерін ашу негізге алынып отыр. Максималды есепке сәйкес көрме уақытында 600 мың нөмерге сұраныс туындайды. Күтілетін қонақтар саны 3-5 млн шамасында. Көрменің өту уақыты 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығы.

*Кесте 3 - 1 адамға есептегенде қажетті номер саны (мың адам).*

| Ұзақтығы       | 1 күн     | 3 күн  | 5 күн   | 7 күн   | 9 күн   |
|----------------|-----------|--------|---------|---------|---------|
| Келушілер саны | 2 000 000 | 21 739 | 65 217  | 108 696 | 152 174 |
|                | 5 000 000 | 54 348 | 163 043 | 271 739 | 380 435 |
|                | 8 000 000 | 86 957 | 260 870 | 434 783 | 608 696 |

*Деректер [3] мәліметтер бойынша ұсынылады*

Минималды есептеген жағдайда, 2 млн келушілер 1 тәулікке деп есептесек, 92 күн ішінде 2 орындық нөмерде орналастыратын болса 10 870 нөмер қажет болады. Ал максималды түрде 8 млн адам 7 тәулік қонатын болса 608 696 нөмер қажет. Ұлыбританияның өзінде жалпы нөмерлік қор 500 мың нөмерді құрайды[2].

Қазіргі таңда Астанада қонақ үй брендтері нөмерлерінің жалпы саны 992 ні құрайды. Бекітілген жобаларға сәйкес 2016 жылы 1944 номерге артады. Астанадағы статистика департаментінің мәліметтеріне сәйкес 2012 жылы қаладағы жалпы орналастыру орындарының саны 3600 номерді құраған.

Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындық толық қарқынмен жүріп жатыр. Іс-шараға 5,5 миллионға жуық адам келеді деп күтілуде. Айта кетейік, Астанада «ЕХРО – 2017» көрмесі аясында 38 әлемдік брендтегі қонақ үй ашылады [3].

Қазір Астанада түрлі деңгейлі 167 қонақ үй кешені бар. Өткен жылғы статистикалық ақпараттар бойынша қонақ үйлер орташа 38-40 пайызға толады екен. Сонымен қатар, «ЕХРО – 2017» көрмесіне дайындық аясында қалада тағы да 73 қонақ үй салыну жоспарланып отыр. Оның 43-і бүгінгі күні жобалау үстінде болса, кейбіреулері құрылыстарын бастап та кеткен[4].

Аз уақыт ішінде осы жобаланған үлкен қонақ үйлер салынып үлгеретін шығар, алайда туристтер көпшілігі қымбат нөмерлерге тапсырыс бере бермейді. Сондықтан да тек бес, төрт

жұлдызды қонақ үйлер ғана емес, қарапайым туристтерге арналған хостелдер, жол бойында мотельдер салу тиімдірек. Салыстырмалы түрде шығын азырақ, ал ақталу мерзімі де көп уақыт кетпейді. Сондықтан да тек мемлекет тарапынан үлкен жобалардың басталуын күтіп отырмай, шағын және ірі кәсіпкерлер осындай шағын құрылыс бастамаларын қолға алуға негіз бар.

Қорытындылай келе, қонақ үй шаруашылығы өте маңызды шаруашылық түрі болып саналады, және ол жоғарыда айтып өткендей туристік саламен тығыз байланысты. Ал туризм бұл ешқандай шикізатты қажет етпейтін, экологияға зиян көп келтірмейтін экономика саласы. Қонақүй бизнесі экономиканың ерекше бағыты деп мойындасақ, мемлекет қонақ үй қызметінің өркендеуіне қолдау көрсетіп, оның ерекше бағыттарын анықтайды және қолдайды, жалпы туризм индустриясының дамуы үшін жағымды жағдай жасайды. Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы қонақ үй бизнесінің даму деңгейі жоғары деңгейде емес, бірақ ол әлі өзінің шарықтау шегіне жеткен жоқ, яғни болашағы алда. Оның дамуы туризмнің дамуымен тығыз байланыста. Ал туризм біздің болжауымызша 2017 жылдан бастап, яғни EXPO-2017 кезінде қарқынды түрде дамиды.

#### **Қолданылған әдебиет:**

- 1.<http://forbes.kz>
- 2.[http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalId](http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId)
- 3.<https://expo2017astana.com>
- 4.Н. А. «Новый этап развития Казахстана» .2014. Б.78-79

**ӘОК 33.338.24**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫН РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Мұханов Заңғар Ерғазыұлы**  
*nurmuhammedovzz@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Туризм мамандығының 4 курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.А.Гиззатжанова

Туризм халықаралық дәрежеде аса маңызды әлеуметтік - экономикалық құбылыс болып табылады. Саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың қуаттылығы туризм саласының дамуына үлкен тірек, жеке мемлекеттерде туризмнің дамуы мемлекеттің тікелей туризм саласына араласуымен сипатталады. Көптеген мемлекеттерде туризм саласы мемлекеттік бюджетке негізгі кіріс түрі ретінде алынады [1]. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, қазіргі туризм әлемдік экономикадағы қарқынды төмендемейтін саланың бірі, соның ішінде, туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Осы саланың маңызы жылдан-жылға өсуде, басқа салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейманхана кешендері, демалыс үйлері, санаторийлер, ұлттық парктер, тамақтану сферасы және т.б.).

Туристік сала экономикаға шетел ресурстарын тартуға көмек беретін бірден-бір жол болып табылады. Туризм саласын дамыту еліміздегі туристік ресурстарды рационалды түрде қолдануға, халықтың әл-ауқатын көтеруге және экономиканы түрлендіруге әкеледі. Қазіргі уақытта мемлекеттегі экономикалық саясат -«девирсификация» болып табылады және оны дамытудың жолы индустрияны жетілдіру болса, оның ішінде туризм индустриясына көп көңіл бөлінуде.